

Танымның субъектісі мен объектісі

- **Сабақтың мақсаты:**
- **Білімділігі:** Ерте заманнан -ақ адам өзін қоршаған дүниенің заңдылықтарын және өзін-өзі, өзінің табиғатқа және басқа адамдарға қатынасын танып-білуге тырысқан, өмір шындығын танып, білуге ұмтылған.
- **Тәрбиелігі:** Оқушыларды еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу
- **Дамытушылығы:** Оқушыларды өмірді тануға, өз ойын ашық жеткізуге, жүйелі ойлауға, қорытынды пікір айта білуге қалыптастыру.
- **Сабақтың түрі:** Ұжымдық, іздену сабағы.
- **Сабақтың әдісі:** шығармашылық жұмыс, топтық жұмыс, оқушылардың белсенділігін арттыру әдістері.
- **Сабақтың көрнекілігі:** Интерактивтік тақта, слайд

□Сабақтың барысы:

- Ұйымдастыру сәті;
- Үй тапсырмасын тексеру;
- Жаңа сабақты түсіндіру;
- Жаңа сабақты пысықтау;
- Үйге тапсырма;

□Үй тапсырмасы:

□I. Әрбір топ ұстанымдарымен таныстырады.

□II. Шығармашылық тапсырмаларын қорғау. (2 топқа бөлінеді)

□ **-Философиялық категорияларды пайдаланып, осы мақал мәтелдерді талдаңыз:**

□ 1.Көзің ауырса,қолыңды тый,ішің ауырса аузыңды тый.

□ 2.Сауып ішсең-мың күндік, сойып жесең-бір күндік.

□ 3.Ер туған жеріне, ит -тойған жеріне.

□ 4.Көппен көрген -ұлы той

□ 5.Жаяудың шаңы шықпас, жалғыздың үні шықпас.

□ 6.Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен жүріп адас.

□ 7.Саусағың бірікпей, қолыңа ине де ілікпейді.

□ **-Диалектиканың заңдарын пайдаланып Шәкәрімнің өлеңін талдаңыз:**

□ Әрбір топ өздеріне берілген тақырыптарын слайд,пікір-сайыс, қорытынды ой арқылы қорғайды.

□ **Ш.Талқылау:**

□ Қоғамды зерттейтін ғылымдар жүйесі

□ Диалектиканың негізгі заңдарының сипаттары

□ **ІҮ.Сергіту сәті, тарихи ойындар:**

□ Данышпандарға тарихи баға беру

□ Тәртіп орнат.

□ Кім білгір, кім жылдам

□ **1.Данышпандарға тарихи баға беру**

Пифагор	
Аристотель	
Әл-Фараби	
Ибн-Сина	
Ыбырай Алтынсарин	
Абай Құнанбайұлы	
Шәкәрім Құдайбердіұлы	

□ 2.Тәртіп орнат. Туған жылдары.

- | | |
|------------------|-----------------|
| □ 1.Платон | А. (IX ғ) |
| □ 2.әл-Хорезми | Б.(1040-1123ж) |
| □ 3.Омар Хайям | В.(427-347ж) |
| □ 4.Дж.Бруно | Г. (1564-1642ж) |
| □ 5. Г.Галилей | Д. (1548-1600ж) |
| □ 6.Ш.Уәлиханов | Е.(1841-1889ж) |
| □ 7.Ы.Алтынсарин | Ж.(1835-1865ж) |

1

2

3

4

5

6

7

□ **3.Кім білгір, кім жылдам?**

- 1.Философия дегеніміз не?
- 2.Миф дегеніміз не?
- 3.Дін дегеніміз не?
- 4.Философияның үш ірі ошағы?
- 5.Үнді қоғамы қаншаға бөлінеді?
- 6.Болмыстың негізгі түрлері?
- 7.Материя дегеніміз не?
- 8.Кеңістік пен уақыттың өмір сүру формасы?
- 9.Диалектика дегеніміз не?
- 10.Диалектиканың тарихи түрлері?
- 11.Философиялық категория дегеніміз не?
- 12.Дамудың қанша бағыты бар?
- 13.Қосарлы категорияларды ата?
- 14.Қондырма дегеніміз не?
- 15.Қоғам дегеніміз не?

□ **Жаңа сабақ.**

□ **Сабақтың жоспары:**

□ 1.Танымды философия қорытындысының объектісі ретінде тану.

□ 2.Таным субъектісі мен объектісі.

□ 3.Сезімді және рационалды танымның диалектикасы

□ 4.Ақиқаттың түрлері.

□ 5.Практика (тәжірибе)

□ Таным

теориясы немесе гносеология философияның алғашқы даму кезеңдерінен келе жатыр (гр. gnosis-таным, logos-ұғым, ілім).

□ Гносеология- адамның танымдық ізденістерінің табиғатың, білімнің шындыққа қатынасын, оның мәдениет және қатынастар-байланыстар жүйесінде алатын орынын, даму шарттарын, ақиқат өлшемін және сонымен қатар, шынайы білімдерге жету заңдылықтары мен әдіс-тәсілдерін қарастырады.

- Одан кейін, кең тараған эпистемология термины пайда болады (гр.episteme-білім, logos-ілім). Бұл терминмен әдеттей ғылыми таным теориясын белгілейді.
- Таным процесінің заңдылықтарын зерттеуді таным теориясы деп атайды.Философияның негізгі мәселесін дұрыс немесе бұрыс шешуге байланысты екі түрлі таным теориясы (материалистік және идеалистік) қалыптасты.
- Таным дегеніміз-өмір шындығын жай селқос аңғарып қою емес, оны қызу түрде, мақсатқа сай бейнелеу болып табылады.
- Танымның субъектісі – адам, қоғам. Танымның объектісі- қоршаған орта. Адам қызметінің, іс-әрекетінің екі негізгі жағы, негізгі айқындықтары, соны көрсететін философиялық категориялар.
- Танымның философиялық тұғырнамаларда дәстүрлі екі түрін белгілейді: сезімдік және рационалды танымдарды. Олар бір-бірімен тығыз қатынаста болады және әр қайсысы өзінің формаларына ие.

- Сезімдік таным дегеніміз- сезім мүшелері: көру, есту, сезіну. Сезім мүшелері дегеніміз- ол біздің айналамыздағы дүние жайындағы мәліметтер санамызға келіп кіретін бірден-бір қақпалар болып табылады. Сезімдік таным негізгі үш формада: түйсіктер, қабылдаулар және елестету арқылы жүзеге асырылады.
- Түйсік - адамның сезім мүшелеріне тікелей әсер ететін объективті дүниенің материалдық заттары мен нәрселерінің жеке қасиеттері мен сапаларының қарапайым, элементарлы бейнеленуі.
- Қабылдау - адамның сезім мүшелеріне тікелей әсер ету нәтижесінде, санада материалдық заттар пен нәрсенің біртұтас бейнесі қалыптасатын, сезімдік танымның ерекше формасы. Қабылдау, міндетті түрде, субъектінің таным объектісімен тікелей байланыс орнатқан сәтте, түйсіктер негізінде пайда болады. Ол да бейнелер-белгілер тұтастығымен сипатталады. Сана сенсорлы мәлідемелерді әр түрлі қабылдау мүмкін, бір бейнеден әр түрлі объектілерді шығару. Бірақ, көптеген жағдайларда сана объектілерді дұрыс қабылдайды. Қабылдаудың бұл қасиеті тұрақты шама деп

- аталады. Қабылдау біртұтастық және тұрақтылық қасиеттерінен басқа, тандалмалы қасиетіне де ие, ол бір объектіні басқа объектімен салыстыра отырып оны басқалардан айыра білу және оқшаулауды білдіреді.
- Елестету- сезімдік қабылдау негізінде қалыптасқан, заттардың жанама-сезімдік бейнесі; бұрын қабылданған заттар мен нәрселердің көрнекі бейнесін сезім мүшелері арқылы қайта жаңғырту процесі. Елестету сезімдік байқау мен абстрактілі ойлау арасында дәнекерлік қызметті атқаратын, индивидуалды жекеше білімнің сезімдік-тікелей және абстрактілі-жанама формаларын біріктіретін, сезімдік танымның жоғары формасы болып табылады. Оның ерекшеліктері:

- *бұл сезімдік бейне, адам таным затымен тікелей арақатынаста болмаған сәтте де, санада жаңғыртылады;
- *оның ерекше белгілерінің бірі, жалпылық және абстрактілік (заттың жеке қасиеттері мен оның ерекше белгілерін жоғалту);
- *адам санасында бейнеленген, қабылданған бейнелер, шығармашылық тұрғыдан біріктіріліп, шындықта жоқ жаңа бейнелер (бейне-үлгі(модель), бейне-мақсат, бейне-жоспар) жасауға әкеледі, бұл процесс- қиял деп аталады, онсыз еш творчестволық әрекет болуы мүмкін емес.
- Сезімдік таным барлық формаларының біртұтастығы ретінде адам өмірінде үлкен орын алады. Сезімдік таным арқылы адам қоршаған дүние туралы және өзі туралы алғашқы білімдерге ие болады, оның санасында әлемнің сезімдік бейнесі (картинасы) қалыптасады, оның қажеттілігіөзінің болмысының жағдайларына бейімделуінде болады. (

□ Бірақ заттарды терең және жан-жақты танып білу үшін, тарихта болған оқиғаларды, белгілі бір әлеуметтік құбылыстарды түсіну үшін т.б. жалғыз ғана сезімдік таным жеткіліксіз. Міне, осында адамға көмекке рационалды, жиі абстрактілі ой деп аталатын таным келеді. Танымның бұл нысаны адамның келесі мүмкіндіктерімен ұғым, пікір, ой тұжырымы логикалық (рационалды) танымның негізгі формалары болып табылады

- **Ақиқат – танымның негізгі мақсаты.** Философия ақиқат деп адамның объективтік өмір шындығын дұрыс, дәл бейнелеуін, оны санаға өмірде қандай болса, сондай күйінде түсіруін айтамыз.
- Ақиқат- Субъекті мен объекті арасындағы өзара байланыс негізінде жүріп жатқан әлеуметтік тарихи процесс.
- Өмірде ақиқат біреу болса, қателесу көп. Ақиқат теориясында өтірік туралы да ұғым бар. Өтірік- ол адамның өзімен байланысты, оны адам ойланып, бір мақсатымен айтады.
- Адамдардың дүниеге қатынасының тікелей көріну формасы-олардың іс-әрекеті, грекше халықаралық тіліне енген термин – **практика**. Практика , іс-әрекеттер- адамдардың дүниені игеріп, сол арқылы өзін, өз болмысын өзгерту, жарату, қызметі.
- **Практика дегеніміз-** ол адам баласының табиғат пен қоғамды қайта жасайтын мақсатқа лайық материалдық қоғамдық қызметі

- Оған: материалдық өндіріс процесі; әлеуметтік-саяси қозғалыстар; революциялық- өзгертуші әрекеті; ғылыми байқаулар мен эксперименттер кіреді.
- Практиканың өлшеуіші әрі абсолютті, әрі салыстырмалы Абсолютті дейтініміз- өз білімдерінің объективтік ақиқаттығын тек практика процесінде ғана растайды немесе теріске шығара алады. Біздің білімдеріміздің дұрыстығы жайлы мәселе теорияның ғана мәселесі емес, сонымен қатар практиканың да мәселесі.

□ **Қорытынды:**

□ **«Жылдам жауап» ойыны**

□ 1.Таным дегенімізді қалай түсінесің?

□ 2.Өмір шындығын жай аңғарып қана қою емес, оны мақсатқа сай бейнелеу дегеніміз не?

□ 3.Танымның субъектісі?

□ 4.Объективтік дүниедегі заттар қандай болса, ол заттарды сондай деп білу?

□ 5.Таным процесінің ең жоғарғы сатысы?

□ 6.Кейбір пікірлерден жаңа пікір тудыратын ойлаудың формасы?

□ 7. «Мына кітап өте қызықты» -бұл сөздер ?

□ 8.Қандай да болсын бір зат жайында мақұлданатын немесе теріске шығарылатын ой?

□ 9. Ақиқат дегеніміз не?

□ 10.Танымның объектісі ?

Аты жөні	Сабаққа қатысуы	Мағынаны аша білуі	Пікір айтуы	Ізденіс жұмысы	Шығармашылық іс-әрекеті	Қорытынды



□ **Үй тапсырмасы:**

□ Абайдың қара сөздерін оқып келу.